

Қасымова Р.С.^{1*}, Жүзей М.²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: krs1958@mail.ru

ЖАС ҰРПАҚ БОЙЫНДА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АБАЙ ӘЛЕМІ

Бұл мақалада Абай шығармалары арқылы жас ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Абай шығармаларының, қара сөздерінің жас ұрпаққа берері көп, әр сөйлем рухани құндылықтың бай келбетін, терең астарын, келешек ұрпаққа бағдарлам секілді шығар жолын, іс-әрекеттерін айқын да жетік оймен, руханилық өзгеше тереңдікпен беріледі. Абай әлемі заман шындығы, тәрбие тағылымының сырлы шежіресі деуге болады. Ұлы, ойшыл, кеменгер Абайдың халқым, елім, жұртым деп соққан жүрегіндегі ұлтжандылық, азаматтық үні оның қарасөздері мен құнды шығармаларында өрістей, биіктей түсіп, ХХІ ғасырда қазақ еліне «Мәңгілік елге», егеменді елімізге ұран болып тарады. Рухани мұралар, рухани құндылықтар адамзат баласының ақыл-ой туындыларының жемісі сияқты. Абай әлемі – таусылмас қазына. Сол асыл мұраны жас ұрпақтың бойына қалыптастыра алсақ, асыл мұраны игертіп, тылсым сырларға тереңірек үңілте алсақ, бүгінгі жас ұрпаққа Абай әлемін бере білдік деп санауға болады. Абайдың адамгершілік өлшемдерінің ішінде ерекше жоғары орынға қоятын бір ұғымы – әділет. Сондықтан біз жас ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды Абайдың қарасөздері мен таңдамалы шығармалары, өлеңдері арқылы жеткізу еді.

Түйін сөздер: рухани, құндылықтар, ұлттық тәрбие, ұлттық рух, жалпыадамзаттық құндылықтар, ізгілік, рухани тазалық, рухани дағдарыстар.

Kasymova R.S.^{1*}, Zhuzey M.²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Institute of Philosophy, Political Sciences and Religious Studies of CS MES RK, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: krs1958@mail.ru

The world of Abay in the formation of spiritual values of young generation

The article considers the formation of spiritual values in the younger generation according to Abay's works. Abay's works, his wise thoughts in the «Words of edification» give a lot to the younger generation, and in every word are the depths of rich manifestations of spiritual values, as well as the virtues of spirituality. The world of Abay is the truth and spirit of the modern world, the basis, the quintessence of educational work. The heart of the great, profound, genial Abay beat for the sake of his people, his civic appeal in «Words of edification» and valuable works became a firm slogan for an independent country, striving to implement the concept of «Ma'n'gilik El» in the 21st century. Spiritual insight, spiritual values are like the fruits of the highest point of the blossom of human thought. The world of Abay is an inexhaustible source. If we succeed in planting this precious heritage to the younger generation, we can assume that we are able to give it the whole world of Abay. Justice is a concept that is at the top of the line among the indicators of humanity. Therefore, it is our duty to transfer to the younger generation the spiritual values reflected in the «Words of edification» of Abay and in his other famous works, including poetic ones.

Key words: spirituality, values, national education, national spirit, universal values, goodness, spiritual cleanness, spiritual crisis.

Касымова Р.С.^{1*}, Жүзей М.²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
²РГКП Институт философии, политологии и религиоведения, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: krs1958@mail.ru

Мир Абая в формировании духовных ценностей молодого поколения

В статье рассмотрено формирование духовных ценностей у молодого поколения по произведениям Абая. Произведения Абая, его мудрые мысли в «Словах назиданиях» многое дают молодому поколению, и в каждом слове представлены глубины богатых проявлений духовных ценностей, а также достоинств духовности. Мир Абая – это истина и дух современного мира, основа, квинтэссенция воспитательной работы. Сердце великого, глубокомысленного, гениального Абая билось во имя своего народа, его гражданский призыв в словах-назиданиях и ценнейших произведениях стали прочным девизом для независимой страны, устремленной к воплощению концепции «Мәңгілік ел» в 21 столетии. Духовное наследие, духовные ценности подобны плодам наивысшей точки расцвета человеческой мысли. Мир Абая – поистине неиссякаемый источник. Если нам удастся привить это драгоценное наследие молодому поколению, можно будет считать, что нам удалось по силам дать ему целый мир Абая. Справедливость – это понятие, которое стоит во главе угла среди показателей человечности. Поэтому нашим долгом является передача молодому поколению духовных ценностей, отраженных в словах-назиданиях Абая и других его известных произведениях, в том числе – поэтических.

Ключевые слова: духовные ценности, национальное образование, национальный дух, общечеловеческие ценности, доброта, духовная чистота, духовные кризис.

Кіріспе

Ұлттық салт-дәстүрінен нәр алған елдің даму жүйесі мықты болады. Әр халықтың, әр ұлттың төлтума мәдениетінің сақталуы – рухани, мәдени, материалдық құндылықтарын жоғалтпай, кейінгі жас ұрпағының бойына сіңіру, олардың бойына жеткізу.

Елбасының жарқын болашаққа бастар «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы – жастарды әлемдік біліммен қаруландыруға ұмтылған тың идеяға толы бірегей бастама. Білектің күшіне емес, білімге сенер бүгінгі заманда елімізді өркендет жолынан адастырмайтын темірқазық білім мен ғылым ғана болмақ. Жастарды ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты қадір тұтып, өткенімізді бағамдап, келешекке үлкен сеніммен қарайтын саналы етіп тәрбиелеу педагогтардың еншісінде. Және елін сүйетін ұлтжанды ұрпақ қалыптастыру үшін олардың бойына ұлттық кодты сіңіру басты талап болмақ. Президенттің бағдарламалық мақаласы да осы бағытты көздейді. Елбасы мақаласында айтылған әрбір міндет – табысты, өркендетті ел болуымыздың алғышарты. Олай болса, «Рухани жаңғыру» – дамыған ел болуымыздың басты кепілі.

Ұлтымыздың болашағын бағдарлап, келешегін кемелдендіру жолындағы баға жетпес рухани құндылықтарды қайта түлетіп, мемлекетіміздің өсіп-өркендеп, дамыған 30 елдің қатарына қосылуы үшін жасалатын игі жос-

парлары туралы айтылған аталмыш мақала қазақ қоғамына, жас ұрпаққа үлкен серпіліс әкелгендей (Касымова, 2018).

Негізгі бөлім

Еліміз тәуелсіздік алғаннан соң қоғам өміріне енген көптеген өзгерістер, әсіресе жаһандану үрдісінде мемлекеттер адамзатқа ортақ болатын мәселелерді бірлесе шешуге мүмкіндіктері қаншалықты көбейсе, бәсекелестің пайда болуы нәтижесінде мемлекеттердің арасында алауыздық, бір-бірін «соғыссыз жаулау» деген өріс кеңейе түскен сияқты.

Сондықтан осындай өрістен алып шығар қорғаныс сауыты, әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған, тамыры терең, рухани бұлағы, қуат күші – ол ұлттың рухы.

Қазіргі таңда Елбасының халыққа жолдап отырған «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бастамасы рухани құндылықтардың сенімді көпірі десе де болады. Өйткені, ғылымның қай саласында болсын, әлемдегі дамыған елдердің озық тәжірибесін, олардың оң даму жолының дәстүрі мен инновациясының таразысын тең ұстауға ерекше мән беруді жөн көрсек, рухани құндылығымызды жоғалтпауға, оны кейінгі жас жеткіншек ұрпаққа жеткізуді парыз деп ойлайтын болсақ, ұлтымыздың ұлы тұлғасы саналатын Абай шығармашылығын оқыту, таныту арқылы дер едім. Әсіресе Абайдың қара сөздерінде руханилық өзгеше тереңдікпен беріледі.

Жас Абай өмірден алған ащы сабақтарынан түйген ойларын қағазға түсіріп отырған. «Бұл өмірді жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік, алыстық, жұлыстық, тартыстық, айтыстық, әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін түсіндік ...» – деп жазады.

Абай адам өміріндегі басты нәрсе өмірдің мәніне, келер күнге, келелі келешекке үмітпен қараған.

Өмірдің өткінші, дүниенің жалған екендігін, пенделік ұсақ-түйектің бәрі алдамшы, әурешілік екенін айтады. Одан құтқаратын дара жол рухани тазалық, адам санасының биік болуы дейді.

Абай шығармалары адамға өмірдің мәнін ашатын, гуманистік келбет пен шынайы рухани байлық екенін баса айта отырып, байлықты малмен, дәулетпен тең көретін пенделерге ой салатын сан емес, сапа деп түйіндейді.

Егер адамның бойынан рухани құндылықтар жоғалса, онда рухани дағдарыстар болатынын терең пайымдап, халқына уақыт ығымен адасып жүре бермей, білім ал, еңбек ет, өнер секілді рухани құндылықтарды бойға сіңіруді қарапайым тілмен түйіп жеткізді.

Абайдың өлең жолдарынан адамды жақсылыққа, ізгілікке жеткізетін бес асыл іс (олар: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым), ал керісінше адамды көрге сүйрейтін бес дұшпанды (олар: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ) деп жағымсыз мінездерімізді сынға алды. Егер адам азса, рухани жан дүниесінің мүгедектігінен азады. Ал, Абай сол мүгедектіктің құраушысын бір-бірімен сабақтастырып, өзара байланыстырып жүйелегенін көреміз.

Үшінші қара сөзінде: «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі – қорқақ, қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз – қорқақ, мақтанғыш келеді; әрбір мақтаншақ – қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз – надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады...» – дейді (Абай, 2005: 8-9).

Абай өзін сыйлай алмайтын адамның өзгені де сыйлай алмайтынын, өзгенің сыйын қабылдай алмайтындығын көрсетеді. Мұнда да еңбексүйгіштікті – жалқаулықпен, жігерлілікті

– қайратсыздықпен, сыпайылықты – мақтаншақтықпен көрсете отырып, адами қасиеттерді ардақтап, оны өз бойына дарыту керектігін тағы бір мәрте пайымдады.

Абайдың үшінші қара сөзіндегі ойлары Қожа Ахмет Ясауи ілімімен ұштасады.

Мысалы, Ясауи:

Өтті ғұмырым, шарифатқа жете алмадым,
Шарифатсыз тарихатқа жете алмадым.
Ақиқатсыз мағрипатқа бата алмадым (Ясауи, 1993).

деп рухани жаңғыруға апаратын жолдарды көрсетеді.

Әр мұсылман баласы шарифат, тарихат, мағрипат, хақиқат секілді сатылардан өтуі керек екендігін айтады. Мысалы, Шарифатта адам бес парызды орындау арқылы тағылымның екінші сатысына тарихатқа өтіп, тәубәшілдік, ғибадатшылдық, сабырлылық, махаббат, ризашылдық, шүкіршілік, заһидшілдік, ғаріптік секілді сегіз жүйені ұстануы қажет болады. Сонда ғана адам баласы Ақиқат әлеміне бойлай алады. Алланың құлы болып Мағрипат шапағатына бөленеді.

Адамдықтың ең биік сатысы Ақиқат – ол адамның пендешілікті жеңіп, Жаратушы Алланың бар екенін мойындау арқылы өзінің үлкен ғаламдағы тіршілік иесі ретіндегі мәнін түсінуі.

Төртінші қарасөзінде: Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада бұл дүниенің рақатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнінде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды. Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі дейді.

Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды (Абай, 2005: 14-155).

Абай өмірдің бұралаң жолдарынан өтіп, қоғамның қарама-қайшылықтарын көріп, кейде көңілі жарқырап, кейде өмірдің мағынасыз, мәнсіз, әділетсіздігіне кейіс береді. Мысалы,

«Қадірлі басым,
Қайратты жасым,
Айғаймен кетті амал жоқ.
Болмасқа болып қара тер,
Қорлықпен өткен қу өмір, –

деп сол кездегі уақыттың бедер белгілерін, бұралаң бұлтарыстарын, сол кездегі адам мен

оның еңбектеріндегі келеңсіз көріністерді ашына жазып, адам мұраты – адамшылық жол екендігін үлгі етеді.

«Қалаға барғанда, үйіне керек-жарағын өзі алып, апарған малын өзі саудалап сатқан емес, ондай шаруасына ие қылып қойған жолдасы алып сатады. Ақшасын қалтасына салып, не алғанын, несі қалғанын есептеп көрген емес. Ақшасы аз болса да, көп болса да, атшысының қалтасында жүреді. Ақша бітті десе, қайда ұстадың деп есеп алу жоқ, қайтадан ақша тауып береді. Қалада жатқанда қасаптың етін жемей, қолынан малын сойғызып жеуші еді. Бір жолы қалада сойған жылқысының терісін сатқызса, сатып алған алып-сатар Матайбай Мәмбет баласы деген жігіт мақтанамын деп айтыпты, сіздің кешегі бір жылқыңыздың терісінен үш теңге пайда қылдым деп, сонда менің әкем айтып еді: «Мен саудагер кісі емеспін, мені ұялмаған арсыздың бәрі жейді», – депті (Құнанбаев, 1993: 53).

Абай көбіне көңілге кірбін ұялатқан келеңсіз, көлеңкелі көріністерді қалт жібермей, көпке ортақ тұстарға назар аударған.

Тағы бір естелік әңгімесінен: «Әкемнің жүзі ашық, ажары сыртында, көзі өткір, ашуы да, қуануы да жылдам, ширақ жанды адам еді, мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарқаны мол, еш уақытта іші сүймеген, сенбеген адамымен мәжілісте болып, ұзақ отыра алмаушы еді, жарқын жүзбен, ашық көңілмен қытықсыз келетұғын адамды аңсап сағынып, ондай адамы келгенде, баласы я туған бауыры келген кісідей қуанып қалушы еді», – деп баласы Тұрағұл жазды (Құнанбаев, 1993: 7-8).

Жетінші қарасөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақүй бола алмайды, хәм өзі өспейді; қуат таппайды. Біреуі білсем екен демелік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, даусына ұмтылып, онан ер жетіңкірегенінде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, ол немене?, бұл немене? деп, ол неге үйтеді?, бұл неге бүйтеді? деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» (Абай, 2005: 18). Бұдан біз, адам баласы ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы мен жаманды танып біледі, егер танығаны, көргені көп болса, ол адам

білімді болады. Егер естілердің айтқан сөздерін ескеріп, ұғып, тоқып жүрсе, онда ол адам есті болады. Егер адам баласы естілердің айтқан жақсы істерін жүзеге асырып жүрсе, жаман дегендерден сақтанып жүрсе ғана, ол адам іске жаратады. Бұл жерден көретініміз өмір мұраты алдыңғы шепке шығып, елдік мүдде, адам еңбегі, дос-дұшпан, жақсы-жаман қасиеттер, бос уақыттың мәні, жан, тән сырлары айқындала түседі. Оның қадір-қасиеті жан-жақты ашыла түседі. Мұндай қасиеттер қазіргі таңда да мән-мағынасын жоғалтқан жоқ деуге негіз бар.

Тоғызыншы қарасөзінде: «осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уа, әрнешеқ бойларынан адам жақсы көрерлік, я көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем – сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болсам керек еді, тобына бармай, не қылды, не болды? демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ... Сыртым сау болса да ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын, күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім – өз сөзім емес, күлгенім – өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі. Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін» (Абай, 2005: 21-22). Бұл сөздерінде қазақты көп сынағандай әсер қалдырады, бірақ оның түбіне бойлаған сайын халқына деген шексіз махаббатын сезінесің. Уақытты бос жібермей, рухани байлықты бойларына сіңіруді баса айтады.

Абайдың жиырма үшінші сөзінде: біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш бар. Оның қуанышы: елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса қуанады. Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе? – деп. Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?

Енді жұбанышы: жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көпшен көрген ұлы той, көпшен бірге болсақ, болады-дағы деген сөзді жұбаныш қылады. Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса, жеңіл тие ме? Жоқ жарымы ауырып, жарымы сау болса, жеңіл тие ме? (Абай, 2005: 41-42).

Халқымыздың өмір тұрмысында жиі кездесетін: жақсы-жаман, дос-дұшпан, надан-залымның әрекет қимылдары, қисынды тұстары мен күдікті мезеттері де айқын көрсетіледі.

Жиырма алтыншы қара сөзінде: «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Әй, жоқ та шығар! Жүйрік ат – кейде ол елде, кейде бұл елде болатұғын нәрсе, қыран құс та, жүйрік ит те – кейде оның қолына, кейде мұның қолына түсетұғын нәрсе. Күшті жігіт те үнемі мына елден шығады. Мұның бәрін адам өз өнерімен жасаған жоқ. Бір озған, бір жыққан үнемі озып, үнемі жығып жүрмейді. Соның бәрін біле тұрып, жерге кіргендей я бір арамдығы шыққандай, жамандығы білінгендей болып несіне ұялып, қорланады екен?»

Енді осылардан ойлап білсеңіз болады: надан ел қуанбас нәрсеге қуанады. Һәм қуанғанда не айттып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмейді, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. Һәм ұялғандары ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұялмайды. Мұның бәрі – надандық, ақымақтықтың әсері» (Абай, 2005: 47-48).

Абай әлемінде – жүректің шындығын, ақыл-парасат нұрын, дін, дәстүр, рух, тілдің мүмкіндіктерін, өмір мұраттарына ден қояды, тұрмыс-тіршілік тынысына назар аударады. Он төртінші сөзінде: «тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың кісі дегені – батыр дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап білмейді.

Рақымдылық, мейірбандылық, уа әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі, асықтық та – жүрек ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе жалған шықпайды. Амалдың тілін алса жүрек ұмыт қалады. Біздің қазақтың (жүректісі) – мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптің атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау – ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры – әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз. Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулықтың жоқтығынан азады. Білместігімнен қылдым дегеннің көбіне нанбай-

мын», – деп (Абай, 2005: 29-30) және де «қайрат, ақыл, жүрек өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті, сонда үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым» – деуі (Абай, 2005: 33-35); «тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселерден оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» (Абай, 2005: 36); – деп айтуы өмір шындығы, тәжірибе тәлімі деп түсіну керек.

Он бесінші сөзінде: «егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзін өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» – деп, бұдан біз Абай әлемінің шексіз, шетсіз кеңістігін көріп қана қоймай, сонымен қатар ақылды, ақылсыз әрекеттерді, өмірдің өткінші, өкінішті тұстарын, уақыттың қызықты, сәтті кездерін, қоғам, адам, табиғат, өмір шындықтарымен байланыстырып, оның әлеуметтік, экономикалық мәнін, адамшылық жолын, фәлсафалық факторларын тәлім-тәрбие тағылымдарымен кезектестіріп, өрбітіп сөз етеді.

Бұдан біз Абай әлемінің қоғам иірімдерін, сокпақтарын, өмір шындығын және басты байлық деп Адам факторын барлық жағынан көрсетіп, қоғамның қозғаушысы ақыл-парасат, таза жүрек, ғылым мен білімде екендігін дөп басып, қадап айтады.

Яғни, Абай әлемі асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының маңдайына біткен мақтанышы. Абай сияқты халықтың, ұлттың рухани құндылықтарын осыншама жоғары көтерген, заманының ағынына қарай жүрмей, өзінің «өздік» бетін мықтап ұстап, ақылға, ақиқатқа, көңіл күйдің шабытына билетіп, кейде тұнжырарлық кемшіліктерді көріп, сынап, одан жиренетін жолды сілтеп, кейде ашық көзбен қарап, барлық мінді, кемшілік тұстарды қырағы құстай сыншылдығымен тәлім-тәрбиенің мағыналы тұстарын көрсетеді.

Абай «өз сөзім – өзімдікі» екенін анық аңғартады, өмір тәжірибесіндегі көрген-білгенін, танып-түйгенін, ұлттық рухта байыппен саралап, ақыл, парасат, дін, салт-дәстүр, тарих пен танымды, мәдениет пен тілді, шынайылық пен терең дүниетанымды, білім, ғылымның талғам таразысына байланыстырып, жас ұрпақты тәрбиелеуде рухани жаңғырудың көркем көкжиегінде маңызды орын алады.

Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы. Абайдың түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Біздің түйсігіміз бен қабылдауымыз, түсінігіміз айналадағы ақиқат шындық өмірдің сәулесі ғана. Адам баласы «көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады», – дейді Абай. Сол кезде ақынның көтерген мәселелері бүгін де маңызды, өзектілігін ерекше айта кеткен жөн. Абайдың өлең сөздері тәрбиелік-тәлімдік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары болып келеді. Абай өзінің өлеңдерінің бірінде:

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,
Жақсы мен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» –

деген сөздерінде ақын ашынып, халықтың жанына тие айтады. Немесе «Қайнайды қаның, ашиды жаның, мінездерін көргенде» – деген Абай сөзі осындай «мәдениетті» айтып отыр.

Адам баласының бойындағы асыл қасиеттері мен жағымсыз қасиеттері жөніндегі күні кешегі данакөз қариялар, ақылман ата-бабаларымыздың бізге қалдырған өсиет-өнегесін көлденең тартсақ, бүгінгі мен ертеңгі ұрпақ содан тағылым, тәрбие алсын деген тағы бір ойымыз адамгершілік тәрбиесіндегі халықтық тәрбиенің маңыздылығын тағы да айғақтайды.

Қорытынды

«Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен парапар», – деп Абай атамыз айтқандай, ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып, үйреніп, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа, әдептілік пен әсемпаздыққа баулу мүмкін емес.

Абай шығармаларының, қара сөздерінің жас ұрпаққа берері көп, әр толғамында рухани құндылықтардың бай келбетін, терең астарын, келешек ұрпақтың салар жолының нұрлы болуына жол сілтейтін бағыт-бағдар шамы секілді өміршеңдігінде, мәнділігінде деп айтар едім.

Әдебиеттер

- Қ.А. Ясауи (1993). Диуани хикмет. – Алматы: Мұраттас, 1993. – 102 б.
Абай (2005). Қара сөздері. – Алматы: Өнер. – 120 б.
Тұрағұл Құнанбаев (1993). Әкем Абай туралы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 53 б.
Сейталиев Қ. (2008) Педагогика тарихы. – Алматы: Білім. – 260 б.
Қасымова Р.С. (2018) Рухани жаңғырудың жарқын жолы. V Халықаралық Фараби оқулары. – Алматы: Қазақстан, 3-13 сәуір 2018 ж.

References

- Қ.А. Jasaui (1993). Diuani hikmet. – Almaty: Murrattas, 1993. – 102 b.
Abaj (2005). Kara sözderi. – Almaty: Öner. – 120 b.
Turağul Qunanbaev (1993). Äkem Abaj turaly. – Almaty: Ana tili, 1993. – 53 b.
Sejtaliev Q. (2008) Pedagogika tarihy. – Almaty: Bilim. – 260 b.
Qasymova R.S. (2018) Ruhani zhanğyruduñ zharkyn zholy. V Halıkaralıq Farabi oqulary. – Almaty: Qazaqstan, 3-13 säuir 2018 zh.